



Атырау қаласы

2019 жылғы 25-26 наурыз

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында оқушылар арасында «Театрдың ғажайып әлемі» театр өнерінің республикалық фестиваль-байқауын 2019 жылғы 25-26 наурызда Атырау қаласында өткізеді.

Фестиваль-байқаудың мақсаты: өскелең ұрпақты рухани-адамгершілік, эстетикалық тәрбиелеу, тұлғаның үйлесімді дамуы, өзін таныта білуі, әлемді эстетикалық және бейнелі тануына ерекше қабілеттерін қалыптастыру және дамыту факторы ретінде балалардың театр шығармашылығын қолдау және дамыту.

Фестиваль-байқау жалпы орта және балаларға қосымша білім беру ұйымдарының балалар театр ұжымдарының – облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының Фестиваль-байқау кезеңдерінің жеңімпаздарының арасында өткізіледі. Қатысушылардың жалпы саны – 128 адам.

Фестиваль-байқауға қатысушылар музыкалық (опера, балет, мюзикл, данс-спектакль), драмалық және қуыршақ спектакльдерді, әдеби-музыкалық композицияларды ұсынады.

Фестиваль-байқау барысында педагогтер мен білім алушылар үшін актерлік шеберлік және шешендік сөз өнері бойынша шеберлік сыныптар көрсетіледі.

Фестиваль-байқаудың нәтижесі бойынша барлық қатысушыларға сертификаттар, жеңімпаздарға дипломдар мен құнды сыйлықтар, жеңімпаздардың жетекшілеріне алғыс хаттар табысталады. Сондай-ақ «Үздік әртістік бейнені сомдау», «Үздік әйел адамның рөлі», «Үздік ер адамның рөлі», «Үздік сахналық костюм», «Үздік екінші пландағы рөл», «Үздік хореография», «Үздік орындау шеберлігі» номинациялары

бойынша үздік байқау жұмыстары (спектакльдер) және орындаушылар анықталатын болады.

Республикада балалар театр өнерімен 135 өнер мектептерінде, 194 оқушылар сарайлары мен үйлерінде, 92 аула клубтары мен жалпы білім беретін мектептерде айналысады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласуға болады:
+ 7 (7172) 64 27 19; 64 27 32; e-mail: rumcdo.muz@mail.ru